

**Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер енгізу және
Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 11 қаңтардағы N 2019
Жарлығының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2001 жылғы 13 қараша N 720

"Қаржы нарығын мемлекеттік реттеудің бірыңғай жүйесін ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 11 шілдедегі N 654 Жарлығына сәйкес келтіру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., N 1, 2-күжат; 2000 ж., N 54, 593-күжат; 2001 ж., N 1-2, 2-күжат; N 4-5, 43-күжат):

жоғарыда аталған Жарлықтың 1-қосымшасында:

"Қазақстан Республикасының

Бағалы қағаздар жөніндегі

Ұлттық комиссиясы 87"

деген жолдар алып тасталсын;

2) күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.10.12. N 201 жарлығымен.

3) күші жойылды - ҚР Президентінің 29.12.2015 № 152 Жарлығымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі);

4) "Мемлекеттік органдардың мәліметтерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына жатқызу жөніндегі өкілеттіктер берілген лауазымды тұлғаларының тізбесін бекіту туралы" 2000 жылғы 13 сәуірдегі N 371 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2000 ж., N 18, 186-күжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік органдардың мәліметтерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына жатқызу жөніндегі өкілеттіктер берілген лауазымды тұлғаларының тізбесінде:

", Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның төрағасы" деген сөздер алып тасталсын;

5) күші жойылды - ҚР Президентінің 29.12.2015 № 152 Жарлығымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі);

6) күші жойылды - ҚР Президентінің 2004.01.17. N 1284 жарлығымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 2004.01.17. N 1284; 29.12.2015 № 152 Жарлығымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының мәселелері" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 11 қаңтардағы N 2019 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1995 ж., N 3, 25-құжат; N 28, 330 - құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК